

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

БЕКІТЕМІН
С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ
Басқарма төрағасы


А.К. Куришбаев

“ 16 ” 03 2017 ж.

**С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАТУ-дың 60 ЖЫЛДЫҒЫНА
АРНАЛҒАН БАЙҚАУЛАР ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Астана 2017

С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ-дың 60 жылдығына арналған байқаулар туралы ереже. -Астана, 2017.- 10 б.

Ережеде байқауларды өткізу шарттары және байқауға қатысатын үміткерлерге қойылатын талаптар қарастырылады.

С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ-дың Басқарма отырысында қаралып, бекітілген. 16.03.2017 жылғы № 14 хаттама.

2017 жылы С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ өз 60 жылдығын атап өтуде. Университеттің 60 жылдық мерейтойына дайындық ретінде ұжымның кең ауқымды іс-шараларын қамтитын бағдарлама әзірленген. Маңызды әрі мағыналы іс-шаралардың бірі – университеттің оқытушылары арасында «Үздік оқулық», «Оқу-әдістемелік әдебиеттің нәтижелі авторы», «Үздік дәріскер», «Үздік әдіскер» атты номинациялар бойынша ұйымдастырылып, өткізілетін байқаулар.

Аталған іс-шараның мақсаты – оқытушылардың өз кәсіптік біліктілігін шығармашылық тұрғысынан арттыру жұмысына деген қызығушылық пен ынтасын туғызу. Әр номинация бойынша 100 000 теңге көлемінде бір жүлделі орын тағайындалады. Байқалаулар нәтижелері 2017 жылғы қыркүйектің үшінші тоқсанында қорытындыламақ.

Байқаулардың талаптары мен шарттары

«Үздік оқулық» байқауында бір немесе бірнеше авторлармен 2012-2017 жж. (соңғы 5 жыл ішінде, яғни 2012 ж. 1 қаңтарынан 2017 ж. 1 қаңтарына дейін) аралықта дайындалған оқулықтар қарастырылады.

Байқау қатысушыларына төмендегі талаптар қойылады:

- оқулықтың авторлары міндетті түрде С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ-дың штаттық профессорлық-оқытушылық құрамында болуы керек.

- оқулық «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ-да оқу-әдістемелік әдебиеттерін дайындау, сараптау және баспадан шығару туралы» ұйым стандартының талаптарына сәйкес болуы керек (ҰС СМИ 1.1.03-2015)

- оқулық С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ-дың Әдістемелік және Ғылыми кеңесінде баспадан шығаруға ұсынылуы тиіс.

«Оқу-әдістемелік әдебиеттердің нәтижелі авторы» байқауына автордың соңғы 5 жыл ішіндегі (2012 ж. 1 қаңтарынан 2017 ж. 1 қаңтарына дейін) барлық оқу-әдістемелік әдебиеттерді: оқулықтар, оқу құралдары, практикумдар, дәрістер жинағы, оқу-әдістемелік кешендер, есептер жинағы, сөздіктер, тәжірибелік және зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқауларды тапсыруға болады.

Байқауға қатысушыларға төмендегі талаптар қойылады:

- оқу-әдістемелік әдебиеттердің авторлары міндетті түрде С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ-дың штаттық профессорлық-оқытушылық құрамында болуы керек;

- оқу-әдістемелік әдебиеттер «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ-да оқу-әдістемелік әдебиеттерін дайындау, сараптау және баспадан шығару туралы» ұйым стандартының талаптарына сәйкес болуы керек (ҰС СМИ 1.1.03-2015)

«Үздік дәріскер» байқауына университеттің штаттық профессорлық-оқытушылық құрамындағы барлық оқытушылар қатыса алады.

Байқау қатысушыларына төмендегі талаптар қойылады:

- байқаудың бірінші кезеңі 2016-2017 оқу жылының 2 семестрінде факультетте өтеді. Байқау қатысушысы өз факультетінде 2 ашық дәріс өткізуі тиіс;

- факультет комиссиясынан іріктеліп өткен байқау қатысушылары байқаудың екінші кезеңінде университет деңгейінде бір ашық дәріс өткізеді;
- үшінші кезеңде университет комиссиясымен әр факультет үміткерлерінің ішінен үздік дәріскер анықталады.

«Үздік әдіскер» байқауына университеттің штаттық профессорлық-оқытушылық құрамындағы барлық оқытушылар қатыса алады.

Байқауда әдіскердің соңғы 5 жыл ішіндегі (2012 ж. 1 қаңтарынан 2017 ж. 1 қаңтарына дейін) оқу-әдістемелік жұмысы қарастырылады.

Байқау қатысушыларына төмендегі талаптар қойылады:

1. «Үздік әдіскер» байқауы екі кезең арқылы өтеді:

Бірінші кезең – факультетішілік (5 қосымшаға сәйкес 30 қыркүйекке дейін электрондық портфолиоға эксперттік баға қойылады)

Екінші кезең – университетішілік (байқауға қатысушыларға арналған 6 қосымшадағы бағдарламаға сәйкес өткізіледі)

2. Байқау құжаттары А-4 форматында папкада жинақталуы тиіс, міндетті түрде электрондық нұсқасы болу керек.

Байқауға тапсырылған құжаттар қойылған талаптарға сай болуы тиіс, яғни әдіскердің 5 жыл ішіндегі жұмысының қорытындысын ашып көрсетуі керек.

3. Байқауға қатысушылардың тізімі тапсырылған өтінішке сәйкес анықталады (қосымша 4)

Төмендегі қосымшаларда барлық байқауға қатысушыларға арналған бағалау шарттары көрсетілген.

Байқау комиссиясына арналған үздік оқулығын бағалау көрсеткіштері

1. Оқулықтың ҚР БҒМ грифі болуы керек (1 балл).
2. Оқулық Республикалық оқу-әдістемелік кеңесімен бекітілуі керек (1 балл).
3. Кітапхана бойынша оқулықтың қолданылу пайызы
4. Оқулықтың сапасын анықтау үшін студенттердің арасында сауалнама жүргізу.

Студенттердің сауалнама сұрақтары:

- 1) оқулықтың танымдылығы, қаншалықты студент оқулықты таниды (Барлық студенттердің санынан пайыз шығарылады)
 - 2) оқулықтың қолданылуы, студенттің берілген оқулықты қолдануы(0-30% - 0,3 балл, 30-70% - 0,7 балл, 70-100% - 1 балл)
 - 3) оқулықтың пайдалылығы, студентке оқулық қаншалықты пайдалы болды
5. Оқулықтың дайындалу дәрежесі – 0,3, 0,7, 1 балл
6. Әділет министрлігінен зияткерлік меншік жеке патенті болуы – 1 балл
7. Библиографиялық тізімді бағалау, 2000-2017 жж. әдебиеттің пайдалануы (0-30% - 0,3 балл, 30-70% - 0,7 балл, 70-100% - 1 балл).

Нәтижелі автордың жұмысын бағалау көрсеткіштері

1. Автордың жұмысын бағалау үшін 2012-2017 жылдар аралығында шығарылған оқу-әдістемелік әдебиеттерінің баспа табақтарының қосындысы есептеледі.

Байқау комиссиясына арналған үздік дәріскерді бағалау көрсеткіштері

1. Университеттің контент бөлімінде бейнедәрістің болуы шарт
2. Презентация материалдарының болуы
3. Дәрістердің сапасын бағалау мақсатында, студенттердің арасында тәуелсіз сауалнама жүргізу. (Студенттер үшін сауалнама: дикция, жатық тілімен жеткізілуі, аудиторияға кері байланыс, дәрістің үш деңгейде болуы: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды).
4. Дәрістерді оқу кезінде инновациялық білім беру технологияларын пайдалану
5. Дәрісті бағалау парағы

**«Үздік дәріскер» байқауына
дәріс оқу дағдыларын бағалау парағы**

Құрметті сарапшы _____

Сізден, кафедраның жетекші оқытушыларының тәжірибесін қорытындылау және «Үздік дәріскер» байқауының жеңімпаздарын анықтау мақсатында ұсынылған көрсеткіштер жүйесі бойынша, яғни 5 балдық шкала бойынша дәріскердің кәсіби және жеке қасиеттерін бағалауыңызды сұраймын

Дәріскер _____

Пән _____

Факультет _____ Топтар _____

Дәріс күні _____ Уақыты _____ Дәрісхана _____

№	Педагогикалық шеберлік көрсеткіштері	Балл
1	Іргелілік (жалпы ғылыми және оқытылатын пәннің заңдарын, қағидалар мен әдістерін пайдалану)	
2	Ғылымилық (тақырыптың заманауи деңгейінде жеткізілуі)	
3	Проблемалық (шығармашылық көзқарасты ынталандыру)	
4	Жүйелілік (материалдың жүйелілігі мен логикалық байланысы, пәнаралық байланыс)	
5	Негізгі сұрақтарға тоқталады, ал қиын тақырыптарды түсіндіреді	
6	Студенттердің оқытылатын пәнге деген қызығушылығын арттырады	
7	Дәріс материалын басқа да пәндерде пайдалануға, сонымен қатар өзінің болашақ мамандығы мен әлеуметтік іс-шараларда қолдануға бағыттайды	
8	Дәріс барысында аудиторияның реакциясын және дәріс материалының меңгерілуін бақылайды	
9	Оқытушы студенттердің өзіндік ойлау қабілетін ынталандырады. Дәріс барысында пікірталаспен талқылау элементтерін пайдаланады	
10	Қажет болған жағдайда тыңдаушылардың көңіл күйіндегі күйзелісті жеңілдетеді	
11	Студенттерге мейірімділік, әдептілік, құрмет көрсетеді және олардың табысқа жетуін қолдайды. Студенттермен қарым-қатынас жасай біледі.	
12	Дәріс материалын баяндау кезінде сөйлеу мәдениетіне, дикция анықтылығына және қалыпты ырғақпен сөйлеуге қатты көңіл бөледі	
13	Тақтадағы жазудың айқындығы мен реттілігі	
14	Студенттерді өзіне жоғары білімділігімен, мінез-құлқымен, сыртқы келбетімен, әзілқойлығымен тартады	
Орташа балл (жалпы)		

Сарапшы _____ Кафедрасы _____

Қолы _____

Бірдей жазумен жазылған студенттердің сараптамасы қабылданбайды.

«Осындай топтың осынша студенті осы оқытушыны қолдайды» деген дауыс беру бір дауыс болып есептеледі.

4 қосымша

Үздік әдіскердің жұмысын бағалау шарттары

Байқауда үміткерлердің тек қана оқу-әдістемелік жұмысы бағаланады.
(тәрбиелік және т.б. істерді бағалауға болмайды)

«Үздік әдіскер» байқауына қатысушылардың өтініші

Байқауға қатысушының аты жөні, тегі (толық жазылған)

Байқауға қатысушының жұмыс орны

Туған жылы

Қызметі, осы қызметте қай уақыттан бері жұмыс істейді

Педагогикалық және ғылыми-педагогикалық стажы

Базалық білімі (Қай жылы қандай білім беру мекемесін бітірді)

Атағы, ғылыми дәрежесі, марапаттаулары

Жарияланымдар (жариялау атауы, қай жерде жарияланды)

Кәсіби дамуының негізгі кезеңдері

Үй телефоны

Жұмыс телефоны _____ үй _____ ұялы _____

Электрондық поштасы _____

Күні _____ өтініш берушінің қолы

Келісілді:

Басшысы _____ (Аты-жөні, тегі)

Күні _____

Ескерту:

Өтінішке байқауға қатысушының төл құжатының көшірмесі тіркелу керек.

«Үздік әдіскер» байқауының өту тәртібі

Байқаудың 1 туры - әдіскердің портфолиосы

Әдіскердің электрондық портфолиосының құрылымы

1 бөлім – Байқауға қатысушы туралы мәлімет

- Толық аты-жөні, тегі;
- туған күні, жылы;
- білімі;
- жұмыс орны: мекеменің аты, қала, аудан;
- ғылыми дәрежесі, ғылыми лауазымы (дәлелдейтін құжаттардың көшірмесі);
- толық еңбек өтілі, педагогикалық өтілі, ғылыми-педагогикалық өтілі, оның ішіндегі әдістемелік жұмысы бойынша өтілі;
- соңғы 3-5 жыл ішіндегі біліктілікті көтеру курстарынан өтуі, сертификаттарының (төл құжат) көшірмесі;
- 9x7 өлшемді сандық суреті.

2 бөлім - Әдіскердің жеке жетістіктері

- автордың әдістемелік нұсқаулары;
- автор пәндердің білім беру бағдарламалары;
- білім беру бағдарламаларын оқу үдерісіне енгізу;
- әдістемелік басылымдарын Импакфактор, Скопус, ККСОН, РИНЦ журналдарына жариялау;
- ғылыми кеңесте қарастырылған және таралымға ұсынылған әдістемелік басылымдарын баспа беттерде оқу-әдістемелік құрал, әдістемелік нұсқаулар, жинақтар, ретінде ұсыну;
- халықаралық, республикалық, университетішілік ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысу (соңғы 5 жыл ішінде);
- оқу-әдістемелік жұмыстағы тәжірибесін кафедралық, факультеттік, университеттік деңгейде тұжырымдау;
- оқытушының творчестволық ізденуі: білім беру жүйесінде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру кезінде инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдануы;
- Эссе «Әдіскер... Кәсібі?... Қызметі?... Атағы?...»
- ғылыми-әдістемелік ісінің тиімділігі мен нәтижелілігі.

Үміткердің жеке жетістіктерінің бағалау шарттары:

- автордың өзіндік жетілдіруі мен қалыптасуы;
- алынған материалдардың мазмұны мен өзектілігі;
- тапсырылған материалдардың біртұтастығы және тақырып тұрғысынан аяқталуы;
- материалдардың құрылымы, жазбаша түсініктемелердің мазмұндылығы мен консистенциясы, тапсырылған материалдардың жүйелілігі;
- сандық және сапалық көрсеткіштердің қатынасы;
- тиімділігін салыстырмалы талдау, оның оң динамикасы.

3 бөлім - Іскерлік карта, (қатысушының жеке қасиеттері мен кәсіби жетістіктерін анықтауға арналған 3-5 мин. бейнеролик)

Іскерлік картаны бағалау шарттары:

- презентацияның мазмұны мен практикалық бағыттылығы;
- сапасын қамтамасыз ету тұрғысынан кәсіби біліктілігін арттыру жолдарын іздеу;
- өз ғылыми-әдістемелік әлеуетін кеңейту үшін инновациялық тәсілдер;
- кәсіби маңызды қасиеттері мен жеке тәжірибесін көрсету;
- бейнероликтің тұтастығы, органикалығы мен әдемілігі.

6 Қосымша

2 тур (университетшілік)

Байқаудың бірінші күні

1-тапсырма «Мен әдіскермін» (7 мин)

Эссе презентациясы «Әдіскер»...Кәсібі?... Қызметі?... Атағы?...

Бағалау шарттары:

- мағыналылығы, түрлі ақпарат көздерін пайдалану, эссе субъектісінің субъективті бағалауының болуы.
- шешімдерді құру, салыстыру және талдау әдістерін пайдалану
- жұмыстың орындалуының өзектілігі, ұғымдарды анықтауға арналған балама көзқарастар
- жұмыстың орындалуы, сауалнама немесе көрнекіліктің болуы
- мәдениеті, эрудициясы

2-тапсырма. Ғылыми-әдістемелік жобаның презентациясы «Жоғары оқу орнында әдістемелік жұмысты жетілдіру» (7 мин.)

Қорғау үдерісі келесі бағыттарды ашуды қамтиды:

- жоғары оқу орнында әдістемелік қызметінің мазмұнын жаңарту және оның заманауи білім беру саясатына сәйкестігі;
- әдістемелік қызметтің рөлін көрсете отырып, оқу-өндірістік және тәрбие жұмыстарының ұйымдастыру үлгісі (дуалды, модульдік, кредиттік жүйелер бойынша);
- тапсырылған жобаның күтілетін нәтижелерін негіздеу;
- университет оқытушыларының шеберлігі мен біліктілігін көтерудегі жаңа тәсілдерін көрсету.

Бағалау шарттары:

- жоба тақырыптарының өзектілігі және уақтылы тапсырылуы,
- нақты автордың ұстанымы мен тұжырымдамалық идеялардың болуы;
- ұсынылған жобаның инновациялылығы мен ерекшелігі;
- сөз сөйлеу шеберлігі: негізділігі, дәлелділігі, шешендік өнері;
- тиімділігі: тәжірибеде және университеттің оқу-өндірістік жұмысында теориялық ұсыныстардың іс-жобаларын қолданудың мүмкіндігі.

Байқаудың екінші күні

3-тапсырма. Шеберлік класс (10 мин). Байқауға ұсынылатын тақырыптар:

1. Дуалды оқыту жағдайындағы оқытушының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру;
2. С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ студенттерінің дуалды оқу жүйесінде тәжірибеге бағдарланған құзыреттілігін қалыптастыру;
3. С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ зерттеу университетіне ауысу жағдайында студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру.

Шеберлік кластың бағалау көрсеткіштері:

- Педагогикалық еңбектің тұжырымдамалық идеясының жаңалығы;
- Аталған мәселені шешу бағытындағы білімдерді жаңарту, өз-өзін дамытуға ынталандыруды арттыру;
- Білім алушылардың жеке қасиеттерін ұйымдастыру, салыстыру, бағалау және өзгерту (білім алушылардың тұлғалық әлеуметтендіру мәселелерін шешу);
- Жариялау (білім алушылардың іс әрекетінің нәтижесін көрсету);
- Шебердің ұстанымы (кеңесші және ақылшы), қарым-қатынастағы ашықтық, ізгі ниеттілік, қызметтестік ахуалдың болуы.